

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС ФАКУЛЬТЕТІ**



**«ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ӨНЕРТАНУ САЛАСЫН ОҚУ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
11 Сәуір, 2024 жыл

**«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО
ИСКУССТВА И СОВРЕМЕННОГО ИСКУССТВОЗНАНИЯ»**

Материалы международной научно-практической конференции
11 Апрель, 2024 года

**«EDUCATIONAL AND METHODOLOGICAL SUPPORT OF TRADITIONAL KAZAKH
ART AND MODERN ART STUDIES»**

Materials of the international scientific conference
April 11, 2024

УДК 745/749 (574)
ББК 85.12 (5Қаз)
Д21

Редакциялық кеңес:

Е.Б. Сыдықов, С.Б.Мақыш, Ж.М. Құрманғалиева, Д.Р. Айтмағамбетов, Л.Т. Нуркатова,
Н.Г. Айдарғалиева, Е.Е. Сабитов, Т.К. Самуратова

Д21 Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертану саласын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету: Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясының материалдары (2024 жылдың 11 сәуір, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2024. – 372 б.

ISBN 978-601-337-978-4

«Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертану саласын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағына «Дәстүрлі қазақ өнері мен қазіргі өнертану саласын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету», «Дәстүрлі қолөнердің көркемдік білім берудегі өзекті мәселелері», «Жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі инновациялар», «Экодизайн технологиялары арқылы сәндік қолданбалы өнердің қалыптасуы», «Дизайн және жеңіл өнеркәсіп теориясы мен әдістемесі», «Дизайндағы заманауи мәселелер, жетістіктер және перспективалар», «Қазақ халқының қолөнерінің оқытудағы инновациялық жолдары мен әдіс-тәсілдері» және оларды шешу әдістері мен жолдары қарастырылған мақалалар жарияланған.

УДК 745/749 (574)
ББК 85.12 (5Қаз)

© ЕНУ, 2024

ISBN 978-601-337-978-4

7. [7]M. Subramaniam, J. Hanafi, и А. Т. Putih, «Teaching for Art Criticism: Incorporating Feldman’s Critical Analysis Learning Model in Students’ Studio Practice», *Malaysian Online Journal of Educational Technology*, т. 4, вып. 1, сс. 57–67, 2016.
8. [8]A. Overby, «The New Conversation: *Using Weblogs for Reflective Practice in the Studio Art Classroom*», *Art Education*, т. 62, вып. 4, сс. 18–24, июл. 2009, doi: 10.1080/00043125.2009.11519025.
9. Á. Di Serio, M. B. Ibáñez, и С. D. Kloos, «Impact of an augmented reality system on students’ motivation for a visual art course», *Computers & Education*, т. 68, сс. 586–596, окт. 2013, doi: 10.1016/j.compedu.2012.03.002.

К.Е. Есентаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ӨНЕРТАНУ САЛАСЫН ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Андатпа: бұл зерттеу қазіргі Қазақстанның интерьер дизайндындағы сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі мұрасының рөлін зерттеуге бағытталған. Мәдени элементтердің заманауи интерьерлердегі атмосфера мен стильдің қалыптасуына әсері, сондай-ақ олардың ұлттық мәдени бірегейлікті сақтауға және беруге қосқан үлесі талданады. Зерттеу заманауи интерьер дизайндында дәстүрлі мотивтерді, үлгілерді, текстураларды және әдістерді, соның ішінде үй интерьерін пайдаланудың әртүрлі аспектілерін қамтиды.

Кілт сөздер: дәстүрлі мұра, сәндік-қолданбалы өнер, интерьер дизайны, Қазіргі Қазақстан, мәдени бірегейлік.

Кіріспе. Интерьер дизайны мәдени сәйкестілік пен тіршілік ету ортасының түпнұсқалығын білдірудің жақсы құралы болып табылады. Қазіргі заманғы тұрғын және коммерциялық кеңістіктердің интерьеріне дәстүрлі мұра элементтерін енгізу жайлы және тартымды кеңістіктер жасай отырып, халықтың тарихы мен мәдени тамырларымен байланысты сақтауға мүмкіндік береді.

Бұл шолу қазіргі Қазақстанның интерьер дизайндындағы сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі мұрасының рөлін зерттеуге бағытталған. Жұмыс барысында дәстүрлі мотивтерді, техникалар мен материалдарды пайдаланудың әртүрлі аспектілері, олардың атмосфера мен интерьер стилін қалыптастыруға әсері, сондай-ақ қазіргі заманғы үрдістер мен дизайн талаптары контекстінде бейімделу және түсіндіру әдістері қарастырылады.

Қазіргі Қазақстанның интерьер дизайндындағы сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі мұрасының рөлі. Бүгінгі таңда білім мен рухани құндылықтарды байланыстыра отырып сақтайтын ұлттық өнер соңғы екі ғасырда қоғамдағы өзекті мәселелердің бірегейі. Қылышынан қан тамған Кеңес өкіметі тұсында «Ұлттық форма бойынша, социализм мазмұн негізінде» деген қағида мемлекеттің мәдениет саласындағы қатаң идеологиялық бақылауын айқындап берді. Ал тәуелсіздік жылдары бұл қағиданың мәні бойынша расымен-ақ шынайы жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеп, жандандыра түсуге бет бұрды. Бұндай мәселелердің туындауы халық өнері дәстүріндегі мағыналық контекстің жоғалуымен байланысты болды. Десек те, мемлекеттік саясат пен халықтың өзі бай мұра мен шығармашылықтың алтын кенін, ұлттық бірегейліктің негіздерін сақтап қалғысы келеді. Осы орайда, қазіргі күні, дизайнерлердің, сәулетшілер мен қолөнершілердің алдыда тұрған міндеті – жобаны әзірлеуде ұлттық құндылықтарды сақтап, ата-бабамыздан қалған мұраға ұқыпты қарау, ой елегінен өткізіп заман талабына сай, ұмыт қалдырмай пайдалану. Дәстүрлі өнердің кейбір пластикалық ерекшеліктерін пайдалана отырып, аймақтық дизайнның жаңа формаларының даму тенденцияларын саралап, әрі талдап, киіз үйдің түрлері мен элементтері, ою – өрнектер, материалдардан жасалған киіз ең көп қолданылғанын байқауға болады.

Қазіргі заманғы жобаларда, сондай-ақ, интерьерлерде, тұрмыстық заттарды безендіруде қазақтың, яғни ата-бабалардың мәдени дәстүрлерінің мұрасымен байланыстырып, жобалау үрдісін байқауға болады. Мысалы, байырғы көшпенділердің "аң стилі", тәңірлік және исламдық мотивтер мен формаларды қолданған көріністерді жиі кездестіреміз. Осылайша, тарихи дүниелерді жаңғыртып, зерттеу халық өнерінің заманауи бейнесін, ұлттық мәдениеттің мәйегін байытуға жол аша түседі. Бұл мәселеге басты назар аудару арқылы зерттеудің тарихи-теориялық әдісі шығармашылық тәжірибеде тікелей байқалатын халықтық қолданбалы өнердің мәдени кодын дамытудың бастауы мен одан әрі жетілдіру жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі әлемде бұрынғы мәдениетті бүгінгімен үйлесімді байланыстырып, қолдану керек. Өйткені, халықтың қабылдауы қиындық туғызыу мүмкін. Дж. Деррида мен Дж. Бодриардың философиялық еңбектері қазіргі заманғы адамға сол өткен мәдениеттің мәнін түсіну қиын. Бұл сол кездегі мәдениетті жоққа шығару емес, бұл уақыт контекстінің болмауына байланысты, яғни осы мәдениеттің феномені құрылған тарихи негіз деп қабылдаған дұрыс. Бұл жерден біз тек интерпретациямызды алуға мүмкіндік бар.

Деконструкция, симулякр ұғымдарының пайда болуы философиялық ойдың нәтижесі болып табылады. Соңғы жылдары адамзат даму тарихына жаңа көзқарастар пайда болды. Мысалы, О. Медушевская-ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттеген бірегей ғалымдардың бірі болып есептеледі. Зерттеушінің әдістемесі бастапқы құжаттың жүйелік құрылымдық тәсілінен құралады. Бастапқы дереккөз негізі одан әрі дамытып, түсінудің маңызды факторы болып табылады. Сөз жоқ, әлемнің бүгінгі бейнесін біз бұрын атап өткен жаһандану процестеріне байланысты жаһандық даму тенденцияларынан бөлек алып, басқаша қарастыру мүмкін емес. Сондықтан, қазіргі ұлттық мәдениеттің барлық жағын зерттегенде әлемдік 60 тәжірибе зерттеу негіздерін жоққа шығара алмайды. Зерттеуде шетелдік тәжірибеге сүйенген. Өйткені, қай елдің болмасын мәдениетін әлемдік тенденциялардан, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайдан бөлек алып, қарастыруға болмайды. Бұл ғылым мен технологиядағы инновацияның туындысы. Х. Труспекова әлемдік мәдениеттанушылардың, философтардың, тарихшылардың еңбектеріне баса назар аударып, негізге алады. Дереккөздерге сүйенсек, алдағы уақытта әлем виртуалды шындықпен тығыз байланысты болғандықтан адамның жойылуы туралы алаңдатуға әкеліп отыр. Осы орайда, заттық-материалдық дүние орны айтарлықтай өзгеру қаупі бар.

Бұл туралы П. Вирилионың ғасырдың ең жаңа жаһандық мәселесін талдауға арналған еңбектерінде айтылады. Философ және мәдениеттанушы П. Гуревич былай деп жазады: "Компьютерлік революция адам ағзасына айтарлықтай шабуыл жасап отыр. . Осыған байланысты тіршілік формасына машиналар мен механизмдердің жаппай енгізілуіне орай қауіп қатер төніп тұр".

Осыған байланысты көптеген адамзат баласы өзінің даму шыңына жеткен Еуропаның дамыған елдері қалай өздерін сарқып жібергенін атап өтеді. Жеке тұлғаның көріністерінің барлық түрлерінде, әсіресе көркем шығармашылық саласында белсенді іздену байқалады. Біздің суретшілер, дизайнерлер мен қолөнершілер халықаралық аренаға шығуға тырысатынын байқаймыз. Бірақ, жақсы даму жолында шығармашылық ойлаудың және дара болудың белгіленген қасиеттерін көрсету қажет. Халық өнерін әрі мұрасын -бұл жағдайда жақсы қолдануға болады. өйткені, ғасырлар бойғы даму ерекшеліктерін көрсететін халықтық музыкалық шығармашылығы кемелдік дәрежесіне жеткендігі дау туғызбайды. Сәулет және дизайн, ұлттық талғамды пайдалану өте тиімді тәсіл. Сондықтан жоба авторлары мен тапсырыс берушілер қолда бар мұраға баса назар аударады. Оның ішінде, тәжірибе көрсеткендей, дәстүрлі мемориалдық сәулет белсенді түрде зерттелуі байқалады. Десек те, ол формалар қасиетті, өте маңызды. Тәуелсіздік кезеңінде білім беру жүйесінде елдің тарихы мен мәдениетін зерттеу мәселесінде үлкен қадам жасалды. Ал, дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнерді дамыту университеттерінде де, әртүрлі профильдегі дизайнерлерді даярлау жүйесінде де қолдау тапты. Осыған қарамастан, халық өнерінің дәстүрлері саласында білімді жетілдіру керек-ақ. Кездескен кемшіліктер ұлттық өнерді кенжелетумен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, әрине, қазіргі адамның өмірінің толық өзгеруіне байланысты. Бірақ көркемсурет жоғары оқу орындарында дәстүрлердің сабақтастығын сақтауға тырысады. Сонымен бірге жаңа үрдістерді жас суретшілер мен дизайнерлер, оның ішінде ЕҰУ, ҚазБСҚА қабырғасында да белсенді зерттейді. Сонымен қатар, Ұлттық өнер мәдениетінің дәстүрлері заманауи дизайнерді кәсіби даярлау бағдарламаларында кездеседі. Айта кету керек, бұл мәселе тек Қазақстан үшін ғана емес, Ресейде де дәстүрлі халық өнерін мұқият зерделеу қажеттілігі туындап отыр. Қолөнерші-суретші-дизайнер жүйесі осы ғасырда өзінің логикалық жалғасы бар сала деп қарастыру керек.

Қорытынды. Дәстүрлі мотивтерді, әдістер мен материалдарды заманауи интерьер дизайнна біріктіру Тарихи тамырлар мен мәдени мұралармен байланысты сақтап қана қоймайды, сонымен қатар кеңістіктерге ерекше эстетика мен бірегейлік береді. Ою-өрнектер, тоқыма бұйымдары, ұлттық өрнектер, ағаш оюлары және басқа да көптеген элементтер Қазіргі Қазақстанның интерьеріне ерекше очарование мен шынайылық бере алады.

Сонымен қатар, интерьер дизайнында дәстүрлі мұраны пайдалану елдің мәдени мұрасының байлығы мен әртүрлілігін көрсете отырып, мәдени байланыстар мен ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, интерьер дизайнында сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі мұрасын сақтау және ілгерілету Қазіргі Қазақстанның бірегей бірегейлігін қалыптастыру, болашақ ұрпақ үшін мәдени мұраны сақтау және үйлесімді және әдемі мекендеу ортасын құру жолындағы маңызды қадам болып табылатынын атап өткен жөн.

Әдебиеттер

- 1 Тульбасиева Л.Е. Интерьер жилой юрты как художественнокомпозиционная система (казахское народное жилище кочевого периода): дис. ...канд. иск.: 17.00.05 / Московское высшее художественно-промышленное училище (бывш. Строгановское). – М., 1984. – 141 с.
- 2 Қасқабасов С.А. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 738 с.
- 3 Медушевская О. Теория и методология когнитивной истории – М., 2008. – 361 с. 115
- Вирилио Поль. Информационная бомба. 2002 Стратегия обмана. – 2006. <http://lib.ru/POLITOLOG/virilio.txt>
- 4 Гуревич П. Тайна человека – вечная проблема. Философская школа.– М., 2018. – № 3. –45 с.
- 5 Самойлов К.И. Архитектура Казахстана XX века (Развитие архитектурно-художественных форм). – Москва-Алматы: «М-АРИ» дизайн, 2004. – 920 с.

К.К. Мұхаметқали

«ETNO STYLE» ЖШС нің бас директоры

ҚОЛ-ӨНЕРДІҢ ТІЛІ ТІЛСІЗ ТІЛ

Мәдениет, адамзат өмірінің тіршілік болмыс бейнесінің, рухани байлығының ең маңызды бөлігінің бірі, тірегі, негізі десек, Бәріміз, бүкіл адамзат қауымы өнер әлемі мәдениетінің тұңғыш құшағына мәңгілікке үнсіз сүнгіп сінгенбіз, одан шығу мүмкін емес. Мәдениет мұхитының толқыны- өнер мен ғылымды адамзат игілігіне, алақанға салып игеруіне, електей әкеп ішкі жан дүниесіне сіндіруіне, рухани байлығын дамытып, деңгейінің өсуіне жол ашып келеді. Егеменді еліміз, тәуелсіз мемлекетіміз Қазақстан осы бүгінгі өркендеген заманда, өнер-мәдениетінің өзекті салалары мен тарихи дәстүрлі негіздерін, көркемдік эстетикалық теорияның заңдылықтарымен принциптерін зерттеп, қалыптасып дамуына, теориялық тәжірибені практикалық жағдайда қорытып іске асырып ары жалғасуына, оны ұлт игілігіне пайдалануына ықпал жасауда. Оның айғағы президентіміздің мәдени мұраны жандандыру қаулысы. Қазақ – қай кезеңде де өнерімен әлемді тамсандырған талантты халық. Көне заман дәуірінен өшпес мұра болып, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға сабақтасып,